# Келбет

ТАМЫЗ-ҚЫРКҮЙЕК
2002

АЙ САЙЫН ШЫҒАТЫН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖУРНАЛ



Кенжеғали Әбенұл

Ғылым көшіні

Кенжегали Әбенұлы
Сағадиев- Ғылым көшінің
сырттаны// Келбет.- 2002.-2-11 б.

Құдіреті күшті Хақ Аллаһ Тағаладан кейінгі адамзатты өзіне табындырған ұлы күш — ол ғылым. Ғылымның кілтін екінің бірі бұрап, оның құлпын құпиясын кез-келген жан ашып біле алмайды. Әрине ондай бақыт тек ғалымдарға бұйырған. Ал патша көңілді оқырманның назарына біз, бүгін, тағдырынан сондай бақты сыйға





Алашорда қозғалысын зерттеуші, белгілі ғалым Шығыс өркениетті орталығының профессоры Лемерсье-Келкежей ханыммен кездесуде. Париж, 1995 жыл.

# Ғылым

алған, ҚР Ұлттық Ғылым Академиясының Президенті, Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым қайраткері, экономика ғылымының докторы, профессор, көрнекті ғалым Кенжеғали Әбенұлы Сағадиев ағамыз туралы шертер сырнамамызды ұсынып отырмыз.

Ұлт мақтанышына айналған қазақтың көрнекті қайраткерлері, ғұлама зиялылары Ахмет Байтұрсынов, Ахмет Бірімжанов, Міржақып Дулатов, Кәрім Тоқтабаев сынды алашордашылардың кіндік кескен мекендері — әйгілі Торғай өңірі болса, табиғаты сұлу топырағы қасиетті сол өлкеде Кенжеағаң туып-өсті. "Тау баласы тауға қарап өседі" деп, халық тегін айтпаған ғой. Елдің рухани көсеміне айналған біртуар асыл перзенттердің есімдері балаң жігіттің кеудесіне күш, көңіліне қанат бітіріп, жүрегіне бір ерекше дем бергендей еді. Ол жастайынан сол ұлылардың есіміне елтіп, еңбектеріне тәнті болып өсті.

Бас көтерер ел азаматтары Ұлы Отан соғысына кетіп, асыраушысы жоқ, қиындықтан әлсіреген ауыр тірліктің азабынан титықтаған халықтың тірлігімен біте қайнасқан отбасының бірі Сағадидің шаңырағы еді. Алайда 1950 жылы нар мінезді Қаламқас ана бас көтерерінен айрылып, бала-шағасына қарайып жалғыз қалды. Еңбектің жүгін арқалаған үйдің тұңғыштары Ораз бен Нұған шаңырақтың асыраушысы тірегіне айналды. Жастайынан еңбекке араласып, уақыт салған ауыр дүрбелеңді санасына сіңірген бозбала алаңғасар балалықты бойынан тез сілкіп, ерте есейді. "Халық жауларының туған мекені" деп ерекше шүйіліккен жаңа Кеңес Үкіметінің дәуіріне бағынышты халықтың тұрмысы тым ауыр еді. 1955 жылы Қостанайдың Әулиекөл ауданында № 1 Шоқан Уәлиханов атындағы орта мектебін күміс медальға бітірген соң, сондай зеректігін таныған бір әкеден тараған ағалары Ораз бен Нұған жиған-тергенін қолына ұстатып, жас Кенжеғалиді Алматыға оқуға аттандырды. Анасы Қаламқас, әпкелері Күлжан, Күлсары, Мағрипа бәрі де тек ақ жол тілеп қала берді...

Алғыр көңілдің асқақ арманы оны Алматыға Қазақ Мемлекеттік Университетінің экономика факультетіне студент атандырды. Дәл осы сәттен бастап, жас дарын өзінің ғылым мен білімінің үлкен де ұлы сара жолына сапаршы болатынын анық түсінді.

"Ер ақылға ие болса, сынап көр, пайдасы көп, оған білім қосылса, қадыр-қасиеті артады" — дейді атақты Жүсіп Баласағұн. Өмір тосқан көп қиындықты белден басып, тек қана білім үңғарын зерделеген жас Кенжеғали аталмыш жоғары оқу орнын 1960 жылы "Өнеркәсіп экономикасы" мамандығы бойынша үздік тәмамдап, өзін қоршаған ортаға дарынды қабілетімен ерекшелене білді. Талантты түлек университеттің экономика ғылымының докторы,

*Мен бала кезімде талай рет шығыр айдадым, өте биік шығатын тарыны көзіммен көрдім. Қырманның тойы өте бір қуанышпен өткізетін халықтың мерекесі болатын. Сондықтан да мал мен қатар егіншілік кәсібі елдің амандығын сақтады десек артық болмас. Ал енді бүгінгі күнге келсек сол ұтымды дәстүр, егіншілік дәстүрі, тегін суды пайдаланып бітік тарыны өсіру кәсібі мүлде ұмыт болған. Жергілікті халық алыстан бидай, ұн тасып әуре. Малы азайған, егіншілігі ұмытылған, басқа істер кәсібі жоқ ел бұл күндері әбден күйзелген, ауыр тұрмысты басынан кешіріп отыр. Ішкі аудандарға қарай, неізгі кәсібі егіншілік аймақтарға қарай Торғай, Аққөл өңірінен көшіп жатқан ел де аз емес. Түбі халқымыздың рухани көсемі, данышпаны Ахмет Байтұрсыновтың туған жері, біздің де ата мекеніміз иесіз қала ма деген қауіп бар.*

*К.Сағадиев*

# Көшінің сырттаны

профессор Тарбай Шәукенбаев бастаған бір қауым айтулы ғалым ұстаздарының қолдауымен еңбек жолын сол білім ордасының "Халық шаруашылығын жоспарлау" кафедрасында ассистент болып бастады. Кейін аға оқытушы болды. Өз талантын ұштай білген табандылығының арқасында ол араға үш жыл салып, Г.В.Плеханов атындағы Мәскеу халық шаруашылығы институтының аспирантурасына түсті. Мұнда да белсенділігін танытып, "Материалдық-техникалық жабдықтау" факультетінің партия ұжымы хатшысының орынбасары болып істеді. Профессор Н.Д.Фасоляктің жетекшілігімен "Одақтас республикалардағы күрделі құрылысты материалдық-техникалық жабдықтау мәселелері" деген тақырыппен кандидаттық диссертациясын мерзімінен бұрын өте сәтті қорғаған Кенжеаға осылайша ғылымның биік сатысына біртіндеп қадам басты. Әрине оның кағілездігіне, білімге деген құштарлығына ерекше көңіл бөліп, өз ықыластарын аямаған Ресейдің А.А.Иотковский, П.В.Смирнов, Э.Ю.Локшин, Н.Д.Фасоляк сынды атақты ғалымдары еді. Олар ғылымның нұрлы әлеміне ашық жол сілтеп, жас жалынның от боп жануына леп берді. Тынымсыз ізденісі мен іскерлік, алғырлығы 28 жастағы экономика ғылымының кандидатын, аз жылдарда ғылым докторы, одан профессор атандырып, 1989 жылы Ұлттық Ғылым Академиясының корреспондент-мүшесі, ал 1994 жылы оның толық мүшесі – академик етті. Әрине, бұл жылдар Кенжеғали Әбенұлының халық үшін атқарған орасан игі істері мен ғылым жетістігіне қосқан зор үлесін айшықтай түседі. Уақыттан ойы жүйрік Кенжеағанның туған жердің көркейіп, туған елдің дамуы үшін еткен ерен еңбегі экономика, агроөнеркәсіп салаларын тармақтап тараулайды. Мәселен, агроөнеркәсіпті жүргізу механизмін жетілдіру, аграрлық секторды жаңа экономикалық әдіске көшірудің түйінді мәселелерін шешу, нарықтық экономика дамуындағы қоғамның рөлін қайта жаңғырту үшін оның ұзақ мерзімдік стратегиясын жасау жолдарын әлемдік тәжірибеге ден қойып, талдау арқылы ғылыми тұжырымдамалар жасауы, еліміздің болашағына алыстан көз жіберіп, өркениетті іргелі мемлекет болып қалыптасу үшін ең бірінші ел экономикасының мықты болуы керек екенін баса танытып ғылыми дәлелдей білді. Оның өткен жылдар еншісінде қалдырған өмір жолының белесіне зерделі назар аударатын болсақ, ғалымдық, ұлағатты ұстаздық және ұйымдастырғыштық қабілетінің қалыптасып өсуі көбіне Алматы халық шаруашылығы институтындағы қызметімен тікелей байланысты. Ол осы институтты алғашқы ұйымдастырушылардың қатарында болып, қырық жылдық ғылыми-педагогикалық қызметінің тең жартысын, яғни жиырма жылдан астамын соған арнады.

1966 жылы Кенжеғали Әбенұлы АХШИ жоспарлау экономикасы факультеті деканының орынбасары болып тағайындалды. Небәрі үш жыл өткен соң ол институт партия комитетінің хатшылығына сайланып (1969-1973жж.), кейін оның оқу жұмыстары жөніндегі проректоры (1973-1982жж.) қызметіне тағайындалды. Біраз уақыттан соң ол бұл жоғарғы оқу орнына оның ректоры болып қайтып оралды (1992-1994жж.). Ол аталған қызметтердің бәрін ойдағыдай атқарып, кәсіби білімімен жоғары мептептің экономист-оқытушысы мен студент-жастардың жетекшісі бола білу талантымен ерекшеленеді. Жаңа құрылған жоғарғы оқу орны басшыларының бірі ретінде оның дамуын жақсарту барысында тұрақты жұмыс істеді. Оның бастамасымен әрі тікелей араласуымен сол кездегі экономика ғылымы мен тәжірибесінің бағыттарына толық жауап бере алатын мамандықтар мен кафедралар ашылды.



Испания, 1994 ж. К.Ә.Сағадиев Қазақстаннан бір топ делегация құрамында. Ортада ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев Испания королі Филипп Гонсалеспен.

Атақты Ш.Айтматовпен кездесу сәті.





**Қазақтың аяулы ұлы Әбділдә Тәжібаевтың соңғы күндері.**

К.Ә.Сағадиев сегіз жыл бойы (1982 жылдан) Целиноград ауыл шаруашылығы институтының (ЦАШИ) ректоры болып қызмет атқарды. Осы тұста ол өзінің тәжірибелі де білгір, жоғары оқу орнының келелі мәселелерін көргіш, іскер басқарушы екенін көрсетті. Ол жергілікті және республикалық басқару органдарымен тығыз қарым-қатынас орната алды.

Целиноград ауыл шаруашылығы институты кең байтақ алқапта егін шаруашылығы қарқынды өріс жайған, жаңа технология мен техниканы игеру қолға алынған, өндіріс пен еңбекті ұйымдастырудың озық әдісі кең тараған республиканың тың өлкесі ортасында орналасып, оған мамандар даярлаудың негізгі ұясына айналды. Осынау ауқымды тың стратегиясын жүзеге асыру үшін ауыл шаруашылығы институтын жаңа ғылыми ізденістер жасайтын және оны өз түлектері арқылы тәжірибеде қолдануға қабілеті жететін жоғары кәсіби творчестволық ұжымға айналдыру қажет болды. Институттың материалдық-техникалық базасын нығайту, оқытудың жаңа және тиімді әдістерін енгізу, мамандарды келешегі мол жастармен толықтыру, ғалымдардың қуат-күшін аграрлық ғылымның ең өзекті мәселелерін бағыттау мен ұйымдастыру талап етілді.

Осындай жауапты қызметте жаңа ректор өзін әкімшілік жағынан да, ғалымдық және ұстаздық жағынан да, адамгершілік жағынан да тамаша таныта алды. Ол жағдайды тез түсініп, оқу-тәрбие процесінің сапасын көтерудің тиімді тәсілдерін таба білді, жас мамандарды білгірлікпен жоғарылатып отырды, өз ұжымының ғылыми мекемелерімен және өндіріспен байланысын ұлғайтты. Аталған институтта оқудың модульдік жүйесін енгізу оны үздік шетелдік қалыпқа жақындата түсті. Оның жүздеген, мыңдаған студенттері егіс алқабы мен фермаларда жаңа технология мен техниканы тікелей игерді.

К.Ә.Сағадиевтің бастамасымен бұрынғы Кеңес Одағындағы алты бүкілодақтық ауыл шаруашылығы биотехнологиялық орталықтарының бірі осы Целиноград ауыл шаруашылығы институтында құрылды. Оның жұмысын тікелей өзі басқарды, керек мамандарды іріктеп алды, олардың бұрынғы одақ пен шетелдердің жетекші ғылыми орталықтарында тәжірие алуын қамтамасыз етті, зерттеу лабораторияларының бағыттарын анықтап отырды. Қазір бұл орталық Қазақстанға белгілі ғылыми мекемеге айналды, дәнді дақылдардың жаңа жоғары өнімді сорттарын шығарды, тиімді биопрепараттар жасады.

К.Ә.Сағадиев еңбек еткен 8 жыл ішінде осы институттың материалдық-техникалық базасы үкімет органдарының қолдауымен екі есеге артты, яғни ол институттың жұмыс істей бастағанынан бергі 25 жылына тең іс бағдарламасын жүзеге асыра алды. Тамаша оқу корпусы, жатақхана, малдәрігерлік емхана, тұрғын үйлер салынды.



**Кенжеғали Әбенұлы көрнекті қазақ қайраткері М.Дулатовтың қызы Гүлнәр Міржақыпқызы Дулатова және академик марқұм Манаш Қозыбаевпен бірге.**

Институттың әлеуметтік салаларының ерекше жақсара түсуі ректорды ұжымның зор құрметіне бөледі. Ол кезде ректорды бірнеше адамның арасынан жабық-жасырын дауыс беру арқылы қайта сайлайтын әдіс болатын. Осындай жағдайлардың бәрінде де институт ұжымы, оның ғалымдар кеңесі мен партия ұйымы тек көпшілік дауыс беріп қана қоймай, бәрі бір кісідей К.Ә.Сағадиев кандидатурасын таңдап алатын.

Целиноград ауыл шаруашылығы



**К.Әбенұлы өз шәкірттерімен.**



К.Ә.Сағадиевтың ұстазы Ресейдің атақты ғалымы Н.Д.Фасоляк.



ҚР ғылым мен мәдениетінің бір топ көрнекті ғылым-қайраткерлері.

институты Кеңес Одағындағы аграрлық жүйедегі жетекші жоғары оқу орындарының біріне айналды. 1988 жылы ол КОКП Орталық Комитетінің КСРО Министрлер Кеңесінің, БОККО (ВЦСПС) және БЛКЖО Орталық Комитетінің ауыспалы туымен марапатталды.

Ректорлық қызметтегі К.Ә.Сағадиевтің қажымас қайраты, нәтижелі еңбегі, жоғары интеллекті, жан-жақты терең білімділігі және белсенді қоғамдық жұмысы оның бүкіл ақмолалықтар алдында өте беделді де, белгілі тұлғаға айналдырды. Партия мен Кеңес органдарының көптеген сайлауларында облыс еңбекшілері өздерінің дауыстарын үнемі оған беретін еді. Институт ғылыми ұжымы шығарған бидайдың жаңа сорттарының бірін оның авторлары өздерінің бұрынғы жетекшілерінің құрметіне "Кенжеғали" деп те атады.

К.Ә.Сағадиевтің зерттеушілік таланты өте ерте көрінді. Ол Москваның үлкен ғылыми мектебінен өтті және үнемі ғылыми ізденіс үстінде болды. Өндіріс құралдары айналымы саласының заңдылықтарын, экономиканы дамытудың қарқыны мен теңестірілуіне салалық өндірістік инфрақұрылымның әсер ету рөлі мен механизмін ашатын бірнеше іргелі еңбектер жариялады. "Материалдық-техникалық жабдықтаудың экономикалық тиімділігін арттыру проблемалары" (Алматы, "Қазақстан". 1976. 10,1 б.т) деген монографиясында ол бұрынғы КСРО-да алғашқылардың бірі болып аталған сала жұмысының тиімділік белгісін таңдау әдісін неғұрлым толық негіздеді. Онда ұсынылған теориялық тұжырымдамалар, әдістемелік және практикалық ұсыныстар сол кездегі Материалдық-техникалық жабдықтау жөніндегі КСРО Министрлер Кеңесі Мемлекеттік комитетінің, Одақ пен шетелдер ғалымдарының және мамандарының құптауына ие болды.

К.Ә.Сағадиевтің жетпісінші жылдардың екінші жартысында-ақ жасаған көптеген ғылыми зерттеулері ғалымның экономикалық ой дамуының тенденцияларын байқағыштық қабілетін анықтап берді, өндіріс-тұтынушы жүйесіндегі өзара қатынасты реттеудегі басқару мен шаруашылық механизмін пайдалану мәселелерінің өзекті рөлі туралы оның алғашқы болжамдарын растады.

Ол ынта қойған сала көрсетілген жүйенің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін, біз қазір жетуге ұмтылып отырған әлеуметтік бағыттағы нарықтық экономиканың негізгі мақсатына жеткізетін маңызды буын болып табылады.

К.Ә.Сағадиев экономика ғылымының жаңа бағытын бастаушы да, оны әрі қарай дамытушы да болды.

1990-1995 жылдары елімізде нарық экономикасы қалыптаса бастаған кезде оның ғылыми жүйесін сараптауға ат салысты. Осы мерзімде баспасөз бетінде нарық жүйесінің қыры мен сырына арналған көптеген мақалалары жарық көрді. Реформа саласында болып жатқан қиыншылықтар мен қайшылықтар да оның назарынан тыс қалған жоқ. Елбасы назарына да, үкімет басшыларына да осы қиындық-

Кенжеғали Әбенұлы өмірлік жары Нағытай Әбітайқызымен.



Кенжеағаң немерелері: Бақытжан, Бауыржан, Сара және Айямен.





Жас Кенжеғали жұбайы Нағытаймен, 1960 жыл.

тардың себебі туралы көптеген хат жазып, оларды жеңу жолдарын ұсынды. 1998 жылы К.Сағадиевтің осы мерзімдегі ғылыми еңбектері "Қазақстандағы реформалар: сынарлы көзқарас" деген атпен жеке монография болып шықты. Ондағы ұсыныстар, көрсетілген қайшылықтар, оларды шығу жолы әлі күнге өзінің мәнін жойған жоқ, ал ғалым көтерген кейбір проблемалар әлі де шешуін күтуде. Ғалымның нарық экономикасына терең үңілгенін оның жан-жақты зерттеулерінен толық байқауға болады. Оның жекешелендірудің Қазақстандағы ерекшеліктері туралы, бағаны реттеу, ұлттық валюта кіргізу, басқа да көптеген проблемалар туралы ұсыныстары осы кезде үлкен мәні бар жаңалықтар болатын. "Шаруашылық жүйесіндегі реформалар, — дейді К.Сағадиев, ол революция емес, эволюциялық құбылыс. Еш жерде революция бар тапқаныңды қиратып, шашқаннан басқа нәтиже әкелген жоқ. Осы саладағы реформалар жорғаның жүрісіндей болу керек. Қолыңда барды шашпай-төкпей, жаңа қашықтарды, белестерді ала беру керек. Өкінішке орай бұл ұсыныстар ескерілмеді, реформаның алғашқы жылдарындағы қатты күйзелістер баршамызға мәлім, оның қиын салдарынан әлі де толық айыға алмай отырмыз.

Ғалым бүгінде үлкен ізденіс үстінде. Қазақстан елі, шаруашылығы тағы бір үлкен кезеңді қарсы алу қамында. Ол жаһандастыру (глобализация) үрдісі, оның негізгі ұжымы Дүниежүзілік сауда ұйымына кіру кезеңі. Осының салдарынан Қазақстан басқа елдерге, олардан шығатын ұйымдарға, оларда бар қаржы-қаражатқа есігін айқара ашады. Сонда өзіміздің өндіріс орындарының, ауылдағы шаруалардың, банк, финанс, көптеген халық қызметіндегі басқа жүйелердің жағдайы қалай болады, шетелдіктермен тікелей сайысқа түсуге, олармен тең түсіп, үзеңгілес болуға қауқары мен дайындығы бар ма? Міне, бұл күрделі мәселелер, олар Кенжеағаң сияқты ғалымдарды қатты толғантады. Әрине жаһандастыру үрдісінен біздің еліміз тыс қалмайды, олай ойлау дұрыс емес. Дегенмен осы үрдістің талабына сәйкес және Қазақстанға тиімді жолдарын іздестіруіміз қажет. Міне, Кенжеағаң бастаған ғалымдар бүгінгі күні осындай ізденістер үстінде.

Жаһандастыру үрдісінің тағы бір үлкен талабы — ол өз өндірісінің дүниежүзілік сайысқа түсу дайындығы. Қай өндіріс орындарының технологиялық деңгейі, шығарған бұйымдарының сапасы, олардың бағасы осындай сайысқа дайын және өндірістің қай салаларында шикізаттан басқа дүниежүзі экономикасына Қазақстан қандай дайын бұйымдарымен өзіне тиісті және тиімді орнын ала алады. Ол үшін өндірістің қай салаларын дамытып, оны пәрменді қолдауымыз керек. Осы мәселелерді анықтамай, шешпей, оның бағыт-бағдарын сараламай Қазақстан экономикасының тиімділігін арттыру қиын. Басқаша бөлек бір дамыған елдердің шикізат беретін пәрменсіз, дәуренсіз елі болып қалуымыз мүмкін. Міне осы мәселелер де терең ғылыми ізденістерді талап етеді. К.Сағадиев өз әріптестерімен, шәкірттерімен осындай ізденістер үстінде. Нәтижесіз де емес, оның айғағы бірнеше ғылыми-технологиялық конференцияда жасалған баяндамалар мен ұсыныстар.

Байқап отырсақ, Кенжеағаң тек соңғы үш жылдың ішінде оннан асқан ғылыми конференцияларға баяндамалар жасап, көлемді үш монографияның авторы һәм жетекшісі болған.

К.Ә.Сағадиев өмірінде ғылыми-ұйымдастыру жұмыстары әрқашан мол орын алып келеді. Целиноградта еңбек етіп жүрген кезде ол Қазақ КСР Министрлер Кеңесі жанындағы Ғылым мен техника саласындағы Мемлекеттік сыйлық жөніндегі комитеттің мүшесі, агроөнеркәсіп кешенін ғылыми қамтамасыз ету жөніндегі Целиноград орталығы төрағасының орынбасары болды, Қазақ КСР Министрлер Кеңесі қаулысымен бекітілген республикалық шаруашылық есеп тұжырымдамасын жасау жөніндегі Қазақ КСР Ғылым академиясының экономика институты жанындағы уақытша ғылыми-зерттеу тобының құрамына енді, "Қазақстан ауыл шаруашылығы ғылымының хабаршысы" журналының редакциялық кеңесінің мүшесі, Солтүстік Қазақстан жоғары оқу орындары ректорлары Кеңесінің төрағасы және Қазақ КСР ҒА Орталық Қазақстан бөлімшесі ғылыми секциясының жетекшісі болды.

К.Ә.Сағадиевтің кең ауқымды қызметі республика басшылығы мен ғылыми жұртшылығы тарапынан лайықты бағаланды. Ол 1990 жылы Қазақстан ҒА Президиумының Бас ғалым хатшысы қызметіне шақырылды. Осы қызметте болған екі жыл ішінде К.Ә.Сағадиев академиялық ғылымды ұйымдастыруды жетілдірудің жолдарын талмай іздестірді. ҚР ҒА басқа басшыларымен біріге отырып, республиканың ғылымын дамыту және ғылыми-техникалық саясатының тұжырымдамасын жасауға белсене атсалысты. Оның басшылығымен ҚР ҒА Президиумының жұмысшы тобы "Қазақ КСР-дағы ғылым және ғылыми-техникалық саясат туралы" Заңның жобасын дайындады, Шымкент (13-16 маусым, 1992ж.), Өскемен (7-9 қазан, 1992ж.) қалаларында ҚР ҒА Президиумының көшпелі мәжілісін өткізуге байланысты дайындықтар жүргізілді. К.Ә.Сағадиев Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының Оңтүстік, Батыс және Шығыс бөлімшелерін ұйымдастырушыларының бірі болды.

1992-1994 жылдары К.Ә.Сағадиев Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасымен Қазақ мемлекеттік экономика университетін (бұрынғы халық шаруашылығы институты) басқарды. Бұл Қазақстанда күрт өзгерістер жүргізіліп жатқан, егемендік процесі күшейген кезең болатын. Сондықтан оның жаңа жүйеге енуінің нәтижесі экономика мамандарын даярлаудың бұрынғы дәстүрлі тәртібін түбегейлі өзгертіп, оны ұйымдастыру мен басқаруды жаңадан құруға байланысты болды.

К.Ә.Сағадиев осы аса күрделі іске батыл кірісті. Ол жұмыстың прогрессивті бағытын жаңашылдықпен таба да, ұстай да білді. Алдымен осы жоғары оқу орнының және оның профессорлары мен оқытушыларының мәртебесін көтеруді қолға алды. Бұл мәселе жөніндегі К.Ә.Сағадиев пен университеттің Ғылыми кеңесінің бастамасы Қазақстан Республикасы Президентінің қолдауымен тапты. 1993 жылдың 23 ақпанында Президент Жарлығымен Қазақтың мемлекеттік экономика университеті (ҚазМЭУ) Қазақтың мемлекеттік басқару академиясы (ҚазМБА) болып өзгертіліп,, оның оқытушылары мен қызметкерлерінің еңбек ақысы екі есеге көбейтілді.

Академияда оқу процесін басқарудың ескі құрылымның үлгісінен бас тартуға тура келді. Бұрынғы факультеттер оқу-ғылыми кешендері (ОҒК) болып қайта ұйымдастырылды, менеджмент, маркетинг, макроэкономика, кәсіпкерлік пен бизнес негіздері, агробизнес және тағы басқа жаңа кафедралар ашылды. Мамандықтардың номенклатурасы да өзгерді, оған сай жаңа оқу жоспарлары жасалды, профессорлар мен оқытушылардың құрамына қайта дайындықтан өткізу, оларды жаңа талапқа сай оқытудың тиімді шаралары қабылданды.

Белгілі дәрежеде ғылыми жұмыстардың сапасы арттырылды, ол үшін арнайы Қаржы — банк менеджменті институты, Экономикалық зерттеу және Экономика социологиясы орталықтары мен Нарық институты ұйымдастырылды.

Осы өзгерістерді жүзеге асыру мақсатында К.Ә.Сағадиев

уақыт ішінде (1,5 жылда) КазМБА-да шетелдік серіктестердің көмегімен 6,5 миллион долларға бағаланатын экономикалық білім беруді талапқа сай өзгерту негіздеріне байланысты техникалық көмектің үш ірі жобасы іске асырыла бастады.

Осы кезде КазМБА ректорының беделі жоғары оқу орындарының жұмысының танымал реформаторы ретінде ерешке өсе түсті. Оның еңбегі экономикалық реформаның тиімді бағыттарын қажымай-талмай іздестіріп жатқан ғылыми көпшіліктің көзіне де түсіп, олардың лайықты бағасын алды. К.Ә.Сағадиевтің экономика мамандарын даярлаудың, ғылымды ұйымдастырудың, елдің нарыққа өтуінің жөнді жақтарын аша түсетінін бірнеше құнды мақалалары республика баспасөз бетінде жарық көрді. ("Ғылым жайы толғандырады", "Зерде". № 11, 1992 ж.; "Рыночные кадры решают если не все, то очень многое", "Каз.правда". 1993 г., 12 декабрь; "Нарық халыққа бет бұрсын". "Егемен Қазақстан". 1993ж. 16 маусым; "К "Казахстанскому чуду" по ступеням реформ", "Советы Казахстана" 1993 г.; "Казахстан рискованно затягивает с обретением собственного лица", "Экспресс", 1993 г. "О стратегии рыночных проobразований в экономике Казахстана", "Сұхбат", 1993 г. және басқалар).

Оның сыртында К.Ә.Сағадиев реформа проблемаларына байланысты әлденеше рет тікелей республика басшыларына хат жолдады. 1992 жылдың 2 маусымында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев атына Шетелдік инвестиция жөніндегі Ұлттық агенттік құру туралы, 1993 ж. 10 қарашасында Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаев пен Қазақстан Республикасы Премьер-министрі С.А.Терещенконың атына ұлттық валютаға көшу жөніндегі шұғыл шаралар туралы, 1993 ж. 17 қарашасында ұлттық валютаның тұрақтылығын қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы, 1993 ж. 6 желтоқсаны күні Қазақстанда экономикалық реформаны жүргізу проблемаларының принциптері стратегиясы мен теориясы туралы хат жіберді. Осының алдында (19 ақпан, 1993 ж.) ол Қазақстанның ақша-кредит саясаты туралы ҚР Жоғарғы Кеңес төрағасы С.Ә.Әбділдин мен Жоғарғы Кеңестік экономикалық реформа жөніндегі комитетінің төрағасы С.Т.Тәкежановқа да хат жолдаған болатын.

Бұл жылдары К.Ә.Сағадиев жоғары оқу орындарының және ғылымның тәжірибелі қызметкерлерінің бірі ретінде республиканың қоғамдық-саяси өмірінің маңызды бағыттарының жұмыстарына көп араласты. Қазақстан Республикасы Президентінің қаулысымен Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Консультативтік кеңестің (1992 ж.) және мемлекеттік саясат жөніндегі Ұлттық кеңестің (1993 ж.) мүшесі болып бекітілді. Қазақстан Республикасы азаматтарының жаңа әлеуметтік-экономикалық мінез-құлқын қалыптастыру тұжырымдамасын жасау жөніндегі Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы мемлекеттік саясат жөніндегі ұлттық кеңесінің жұмысшы тобына жетекшілік етті.

1992 ж. желтоқсан айында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев КазМБА-ны арнайы көрді. Президенттің бұл сапары Алматы жоғары оқу орындарының өкілдері мен қала зиялыларының форумына айналып кетті. КазМБА тарихын байытқан нарықтық экономикаға көшудегі және Қазақстанның даму стратегиясындағы оның рөлін арттырудың маңызы ерекше оқиға болды.

К.Ә.Сағадиев пен осы оқу орнының жаңа басшыларының ерен еңбегі өз нәтижесін бере бастады. КазМБА жұмысының барлық негізгі бағыттарының сапасы көтерілді. Ол Қазақстандағы беделді оқу орындарының біріне айналды.

Болашақ академиктің ғылыми-интеллектуальдық дүркіреп өсуі де қабат жүріп жатты. Ол мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуы жөніндегі жаңа идеялары бар. Ғылыми ұсыныстары мен "Әлемдік бизнес – 91" конгресінде (Москва. 19 қараша. 1991 ж.) сөз сөйледі. Қазақстанның әлемдік нарыққа енгізу перспективасына арналған халықаралық семинарға (Данды қаласы. Шотландия, Ұлыбритания) қатысты. "Қазіргі Қазақстан Дүниежүзілік қауымдастықта" (Алматы, 23-24 көкек, 1992 ж.) атты халықаралық симпозиумда "Әлемдік шаруашылық байланыс жүйесіне Қазақстанның жақындасу жолы" деген тақырыпта баяндама жасады. Республиканың басшы қызметкерлерінің республикалық кеңесінде (11 мамыр, 1999 ж.) әлеуметтік-экономикалық реформаның өзекті мәселелері жөнінде сөз сөйледі.

Ауқымды ғылыми және ғылыми ұйымдастыру қызметі К.Ә.Сағадиевті республикалық деңгейде алып шықпай қоймады. Қазақстан Республикасының ғылыми интеллигенциясы елімізегі ең жоғары ғылыми лауазымды қызметке лайық адам таңдағанда осы К.Ә.Сағадиевтің кандидатурасына тоқтады. Ол 1994 ж. 2 ақпанында Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым Академиясының толық мүшелерінің (академиктерінің) көпшілік дауысымен Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының президенті болып сайланды.

Бұл академиялық ғылымдағы ерекше құбылыс болды. ҚР ҰҒА президенті қызметіне К.Ә.Сағадиев корроспендент мүше кезінде және ол ҰҒА тарихында тұңғыш рет бірнеше ғалым қатысқан балламалық негізде сайланды.

Академик К.Ә.Сағадиевтің ұйымдастырушылық таланты оны ҰҒА президенті кезінде айқын көрінді. Ол академиялық ғылыми құрылымды да оның ғалымдарын да жақсы білетін. Оған Қазақстан ғылымының негізгі ұйымдастыру басқару проблемалары да таныс болатын.

К.Ә.Сағадиев бұрынғы одақтың саясаты республика ғылымын шалғай аймақтық бөлік ретінде ғана қарағанын ғылым мен ғылыми ұйымдардың приоритеттері елдің шынайы мүддесінен алшақ жатқанын олардың республикалық экономикасын әлемнің ғылыми-техникалық жетістіктерімен сабақтастыруға шамасы келмегенін де терең түсінген адам.

Осындай жағдайда К.Ә.Сағадиев республика ғылыми-техникалық мәселелерін мүмкіндігіне орай Қазақстан егемендігін күшейту жолдарына байланыстыра шешуді және осы мақсатқа жетуге бағытталған ҰҒА-ның толық орындауды қызметінің негізгі өзегі етіп қойды. Ол қазіргі таңда байқалып отырған елде индустриялық мешеулікке қайтаратын оның технологиялық құрылымын бұзатын шикізатты экспортқа халық тұтынатын тауарларға, одан қалса оларды қазып өндіретін жабдыққа айырбастаудың кесірлі айналымын көбейтетін, жерімізге тиімділігі төмен әрі лас технологияларды таратуға байланысты істер мен саясатын айрықша қауіпті екенін ескерте отырып, елдің экономикасын тұрақты түрде дамытудың басты негізі ретінде жаңа білім мен техникалық прогресс факторын жүйелі түрде қорғады.

Бұған қоса К.Ә.Сағадиев іргелі ғылымды халықтық, тіпті бүкіл қоғамның мәдениетінің аз да болса бір бөлігі, ұлт өркениеттілігі дәрежесінің дауыссыз көрсеткіші, әлемдік қоғамдық құрылыстағы, әлеуметтік прогресстегі, өндіріс техникасы мен технолгиясы, оны

**Академик Ю.А.Овчинников, академик А.А.Никонов биотехнологиялық орталықтың ашылу салтанатында. Ақмола қаласы, 1986 жыл.**



ұйымдастырудағы барлық құбылыстар мен тенденцияларды сезіп, байқап отыратын, оларды өз дәрежесінде қабылдай білетін халықтың көзі мен құлағы деген қағиданы шығарып, ал іргелі ғылымның деңгейін ұлтымыздың әлемдік қауымдастыққа кіргізу қабілеті мен өркениеті халықтар семьясына енуінің айғағы, өз Отанымызға бүкіл әлемге, табиғатқа және болашаққа прогрессивті көзқарас қалыптасуының алғы шарты, тіпті таптырмайтын қолданбалы ғылыми-техникалық шешімдердің қайнар көзі екендігін дәлелдеп берді. Осындай түсінік оны академиялық ғылымның республика ғылыми-техникалық потенциалының көптен қалыптасқан кіндігі ретінде дербестігін сақтаудың бірден бір қажеттілігі туралы қорытындыға келтірді.

Сонымен қатар ол уақыт талабын да тамаша түсініп, ҚР ҰҒА ғылыми зерттеулер мен ғылыми құрылымдағы түбегейлі өзгерістерге түсіретін шаралар қабылдады. ҚР Президентінің 1994 ж. 9 ақпандағы № 1556 "ҚР ҰҒА мәртебесі және ғалымдарды мемлекеттік қолдау шаралары туралы" жарлығына және ғылымды реформалау жөніндегі басқа құжаттарға сәйкес ҚР ҰҒА-ның академиялық құрылымдарының қызметін реттейтін жаңа нормативтік материалдар жасалып қабылданды, іргелі және іргелі қолданбалы зерттеулердің приоритеттерін таңдау жүзеге асты. Аттестация жүргізілді және тиісті ғылыми құрылымдарға, мамандарға, приоритеттерге материалдық-техникалық базалар мүмкіндіктеріне баға берілді. Іргелі зерттеулерге технологиялық бағыт беру және ғылыми-зерттеу институттарының ғылыми жұмыстарын тәжірибеде жүзеге асыру күшейтілді.

Аса ірі ғылыми-техникалық проблемаларды тиісті министрліктермен, ведомстволармен бірге отырып ҚР ҰҒА президиумының кеңейтілген мәжілісінде қарау тәжірибеге енгізілді (радиоэлектроника және ҚР байланысы жөніндегі ғылыми орталық зерттеулерде дамыту перспективалары мен ғылымды ұйымдастырудың жағдайы туралы, 31 қаңтар, 1996 ж., Қыпшақтану мен Еуразия және Жерорта теңізі халықтары өркениетінің проблемалары, 13 ақпан, 1993 ж., Семей полигонында ядролық байлауларды зардаптарын ғылыми-зерттеу қорытындылары, 14 ақпан, 1996 ж. емдік құралдарын іздестіріп жасау және денсаулық сақтау тәжірибесінде енгізу мәселелері, 18 наурыз, 1994 ж. жартылай өткізгіш материалдар мен аспаптары өндіруді ұйымдастыру туралы, 30 маусым, 1994 ж. биологиялық әртүрлілікті тұрақты сақтаудың және орнымен пайдаланудың ұлттық бағдарламасы туралы, 29 қараша, 1995 ж. және басқалары).

Академияның және ғылымдар бөлімшелерінің жалпы жиналыстарында жыл сайынғы беретін өз қызметінің есебінің сыртында олардың басшыларының (Қазақстанның ғылыми-техникалық егемендігі және ҚР ҰҒА-ның міндеттері, К.Ә.Сағадиевтің баяндамасы, 19 көкек, 1995 ж.) және ҚР ҰҒА көрнекті мүшелерінің (ҚР-да өсімдіктердің нәсіл қорын сақтау, тиімді пайдалану және көбейту туралы; "Космостық технологиялық және "Ғарыш" мониторингінің ғылыми негіздері" бағдарламасы туралы; пайдалы қазба байлықтарды байыту технологиясын жасау және оның ғылыми проблемалары туралы; жер сілкінісін болжау проблемалары: болжаудың ғылыми негіздері, кезеңі мен әдістері, Қазақстандағы сейсмологиялық зерттеудің жағдайы; Каспий теңізі проблемаларын шешуге байланысты зерттеулердің жағдайы, пайымдалуы және міндеттері және басқалар) проблемалық баяндамаларын тыңдау әдетке айналды.

К.Ә.Сағадиевтің басшылығымен ғылыми мамандардың басқа салаларға кетуін тежеу, оларды диссертация қорғауға ынталандыру, ҚР ҰҒА, ҒЗИ және ғылыми қызметкерлердің мәртебесі туралы бірнеше заң және қаулы жобаларын дайындау жөніндегі ғылыми қызметкерлерді әлеуметтік қорғау және интеллектуалдық жекеменшіктілік туралы бірнеше маңызды шаралар қабылданды. Ол ғылыми қызметкерлердің еңбек ақысын екі есеге өсіруге және аса көрнекті ғалымдар мен талантты жас ғалымдарға мемлекеттік стипендия тағайындауға қол жеткізді.

Халық шаруашылығының өткір проблемаларын шешуге ғылыми қызметкерлерді кеңінен тарту мақсатында республикалық ашық конкурс жарияланып, жеңімпаздарды ынталандыру үшін ақшалай сыйлық белгіленді. Ғалымдардың өз еңбегінің нәтижесіне ынталылығын күшейту үшін келісім-шартпен жұмыс істеу кеңінен ендірілді.

Дегенмен, республика өміріндегі ұзаққа созылған дағдарысы мол құбылыстар іргелі ғылымның жағдайына күшті әсер етті. Соның салдарынан зерттеу көлемі айтарлықтай төмендеді, ғылым нәтижелерінің өндіріске қажеттілігі азайды. Осындай жағдайда ҚР ҰҒА Президенті К.Ә.Сағадиевтің алдынан ғылымдық құрылымдар мен олардың жұмыс көлемін қаржыландыруды мөлшеріне сәйкестендіру проблемалары әлденеше рет шықты, ал ол осынау күрделі мәселелерді шешудің ең дұрыс жолдарын әр уақытта таба білді. Мысалы, ашық және жариялы түрде жүргізілген барлық қысқартулар кезінде институттардың ғылыми-зерттеулерінің бұдан бұрынғы 5-10 және 15 жылдың қорытындыларына қайта терең талдаулар жасау ыждаһаттылықпен жүргізілді.

Осындай жұмыстардың нәтижесінде бірін-бірі қайталайтын, өзектілігін жоғалтқан, зерттеу деңгейі тым төмен және мамандармен қамтамасыз етілмеген тақырыпта, лабораториялар, бөлімдер, тіпті, тұтас ғылыми мекемелер қысқартылды.

Кейін, мұндай мүмкіндіктердің бәрі сарқылған кезде К.Ә.Сағадиев қаржыландыру мөлшерін зерттеу тек әлемдік деңгейге сай келетін тәжірибелік мәні мен мүмкіндігі мол өзін тез ақтайтын тақырыптар мен жобаларға ғана лайықтап, іріктеп алуды ұсынды.

Қысқартудың жаңға батар талай салдарына қарамай ол академияның ғылыми кадрларының негізгі ядросымен оның материалдық базасының ыдырауына жол бермеді. Қайта ғылымның озық бағыттарын дамытуға қажет төрт жаңа ҒЗИ ұйымдастырды. (Алматы қаласында жалпы генетика және цитология институты мен социология және политология институты, Қарағанды қаласында фитохимия институты, Шымкент қаласында аймақтық экономика институты). Оның тікелей бастамасымен ҚР ҰҒА медицина ғылымдарының бөлімшесі ашылды. Техникалық ғылымдар бөлімшесін ұйымдастыру ішінде біраз дайындық жұмыстары жүргізілді. ҚР ҰҒА-ның директорлық корпусы әжептәуір жаңарып, жақсартылды. Ол ҒЗИ-нің республика бюджетінде сүйеңгіштік психологиясын өзгертіп, олардың басшыларының шетелдермен қарым-қатынасты кеңейтуге бағыт алуға, түрлі қорлардың конкурстарына қатысуға, коммерциялық қызметті жандандыруға итермеледі.

К.Ә.Сағадиев ҚР ҰҒА президенті болып тұрған кезде оның ұсынысымен ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев бір ауыздан ҚР ҰҒА-ның толық мүшесі (академигі) болып сайланды. ҚР ҰҒА-сына шетел ғалымдарының өтуіне мүмкіндік берілді. Алғашқы рет оның шетелдік толық мүшелері (академиктері) болып РҒА президенті Ю.С.Осипов, Украина ҰҒА президенті Б.Е.Патон және атағы дүниежүзі физиктеріне белгілі пакистандық ғылым докторы Абдул Қадыр Хан сайланды.

ҚР ҰҒА мүшелерінің қатары жаңа білім салаларының, жоғары оқу орындары мен аймақтық ғылыми мекемелері ғалымдарының жас буындары өкілдерінің есебінен де толыға түсті.

1994-1996 жылдары ҚР ҰҒА-сы мен оның президиумы республикалық қоғамдық мәдениет шаралар ұйымдастыру орталығына айналды. ҚР ҰҒА-ның Орталық Азияның ғалым энциклопедисі және мемлекет қайраткері Мұхаммед Тарағай Ұлықбектің 600 жылдығына, қырғыз эпосы "Манастың" 1000 жылдығына және қазақ халқының аса көрнекті перзенті, ұлы ақыны және ойшылы А.Құнанбаевтың туғанына 150 жыл толуына арнап өткізген сессиялары мен конференциялары ел есінде қаларлықтай оқиға болды. ҚР ҰҒА-ның Абайға арналған сессиясының жұмысына әлемнің 22 елінен елуден астам ғалымдар, мемлекет және қоғам қайраткерлері БҰҰ мен ЮНЕСКО-дан, басқа халықаралық ұйымдар мен шетел елшіліктерінен өкілдер қатысты.

К.Ә.Сағадиев "Еуразия кеңістігі: интеграциялық мүмкіндіктері және оны жүзеге асыру" деген тақырыпта Алматыда өткен ғылыми-тәжірибелік конференцияда С.Сейфуллиннің Ақмолада өткен мерейтой салтанатында ақынның шығармашылығы және оның дәуірі туралы академик Е.А.Букетовтың 70 жылдығына байланысты Қарағандыда өткен тойда ғалымның өмірі мен қызметі туралы баяндамалар жасады. Делегациялар жетекшісі, олардың мүшесі ретінде, болмаса шетелдік ғалымдардың шақыруымен ол бірнеше дүркін шетелге барып, Эрис (Италия) қаласында өткен халықаралық семинарда "Қазақстан ғылымы қырғи қабақ соғыстан кейін", Париждегі (Франция) ЮНЕСКО-ның штаб-пәтерінде өткен халықаралық ғылыми коллоквиумдар және Тегеранда (Иран) Абайдың 150 жылдығына арналған салтанатты "Абай және қазіргі кезең" , Эшборн (ФРГ) қаласындағы шет елдермен техникалық қарым-қатынас жөніндегі Герман қоғамында "Қазақстанның ауыл шаруашы-

лығы кәсіпорындарының жағдайы", "Әлеуметтік мәселелері, әкімшілік ұйымдар мен аграрлық саясат", "Қазақстан АӨК-нің бірінші және екінші саласы", "Қазақстандағы жер реформасы туралы" деген тақырыптарда баяндамалар жасады. Исламабадта (Пакистан) өткен жоғары білім беру және ғылыми технологиялық зерттеу саласындағы қарым-қатынас жөніндегі аймақтық кездесуге қатысты. Лекция оқу ғылым мен білім беру байланысының қалыпқа келтіру мақсатында АҚШ, Ұлыбритания, Франция, Германия, Оңтүстік Корея, Пакистан, Иран, Израйл, Қытай және басқа көптеген елдерде әлденеше рет болып қайтты.

Ғылыми хабар алмасуды жақсарту және біздің ғалымдардың жасқаған еңбектерін халықаралық деңгейде көтеру мақсатында оның басшылығымен "ҚР ҰҒА-ның баяндамалары" журналы ағылшын тілінде шығарыла басталды. Ол осы журналдың бас редакторы болды және Қазақстан Республикасының ғылым, техника және білім беру саласындағы мемлекеттік сыйлық жөніндегі комитеттің төрағасы болып бекітілді.

Алайда К.Ә.Сағадиевке ойлаған мәселелердің бәрін бірдей жүзеге асыруға мүмкіндік болмады. Оның бағдарламасының үлкен бөлігі ретінде қазақ халқының рухани және тарихи мұрасын оның этникалық тамырын зерттеуді ұйымдастыру және бұрынғы "тамаша адамдар өмірі" сериясы тәріздес көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерінің, жазушылар мен ғалымдардың ғылыми-публицистикалық галереясын құру қаралған еді. Олар ҚР ҰҒА ғылыми-зерттеу институттарын тығыз халықаралық қарым-қатынасқа және зерттеу жұмыстарын олармен бірігіп орындауға көшу идеясын алға жылжыта білді. Ол үшін академияның ғылыми ұйымдары мен қолданбалы тақырыптарының едәуір бөлігін бюджет қаржысынан шығарып, зауыт жағдайында жұмыс істеуге көшірудің мүмкіндігін айқын көрінген еді. Түрлі шетелдік қорлармен жақсы байланыс қалыптаса бастап ҚР ҰҒА-сына бөлінетін қаржының жалпы көлемінде ғылыми жұмыстардың кепілдікпен, әрі келісімділік арқылы жүргізілетін үлесі күрт өскен.

К.Ә.Сағадиевтің ғылым академиясының президенті болып жүрген кезде ғылым академиясының тұрмысы мен жұмыс жағдайын еш уақыт есінен шығармағанын, олардың идеяларының нақты ұсыныстарын уақытында қарап, олардың дұрыс шешілуін қадағалап отырғанын айтпай кете алмаймыз. Ол ғылым академиясының 1996 ж. маусым айында өткен 50 жылдығын мерекелеуге байланысты ауқымды дайындық жұмыстарын да бастап жіберген болатын.

Бастаған істерді тереңдетіп, олардың жаңа бағыттарын кеңейте түсуге қаржының жетіспеушілігі ғана емес, басқа да көптеген себептер кедергі болды. Академиялық ғылымның маңызын, мәнін және ұйымдық ерекшелігін түсінбеген кейбір жоғары лауазымды шенеуліктер ҚР ҰҒА-ның көпшілікке "Кеңестік анахронизм" ретінде, тіпті оны Конституцияға сәйкес келмейтін "Заңсыз мекеме" ретінде көрсетуге дейін барды.

ҰҒА жөнінде дау-дамай көбейді. Кейбіреулер ҚР ҰҒА ролін теріске шығарып, оны жою жағдайын қолдады. Осының бәрі К.Ә.Сағадиев жай тыңдап отыры алмады. Ол тек осы мәселе төңірегінде ғана емес, сонымен бірге республиканың әлеуметтік-экономикалық және мәдени өміріне өзекті көптеген мәселелері жөніндегі өз көзқарасына уақыт тауып баспасөз, радио және теледизия арқылы тұрақты түрде білдіріп отырды. Ол "Бізді тек ортаңғы класс ғана құтқарды" ("Каз.правда", 1994 ж. 30 қыркүйек), "Ғылымсыз ғұмыр тұл" ("Қазақ үні", 1995 ж. наурыз), "Ғылым академиясы толқу үстінде" ("Каз.правда". 1996 ж. 24 қаңтар), "Қазақстандағы экономика реформасы: тұжырымдамалық дәлелдеудің кейбір жолдары" (ҚР ҰҒА хабаршысы, 1995 ж. № 1), "Жұмыс істеп тұрған тұтас организмді әр жаққа тартқылауға, халықтың ұлы игілігін талан-таражға салуға болмайды" ("Каз.правда", 1996 ж. 24-25 қаңтар) секілді көптеген мақалалар жариялады.

Осыған қарамастан барлық пікірталас Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігі – ғылым академиясын құрумен аяқталып, К.Ә.Сағадиев Қазақ мемлекеттік ауыл шаруашылық институты мен Алматы мал дәрігердік институтының негізінде ұйымдастырылған қазақ мемлекеттік аграрлық университетінің ректорлығына жіберілді. Бұл екі институт өзіндік дәстүрі қалыптасқан, тарихы бай жоғары оқу орындары болатын. Алайда жаңа университеттің мәртебесі де, міндеттері де бөлек. Осыны К.Ә.Сағадиев басқа жоғары оқу орындарында, ҚР ҰҒА-ында басшы қызметтерде жүріп жинаған бай тәжірибесіне сүйене отырып, әрі дұрыс түсініп, өзінің жаңа міндеттеріне асқан жауапкершілікпен кірісті. Ол университеттің материалдық базасымен мен оқыту мүмкіндігін тез зерттеп білді, істің жалпы жағдайын пайымдады, уақыт оздырмай іс-әрекет бағдарламасын жасады, оны ғылыми кеңестің қолдауынан өткізіп алды, лайықты команда жасақтады, сөйтіп оны жүзеге асыруға кірісіп кетті.

Аз ғана уақыт ішінде бұрынғы факультеттердің орнына мамандардың дайындығын анағұрлым күшейте алатын ірі оқу-ғылыми-өндіріс кешендері ұйымдастырылды. Олардың әлемдік ғылым кеңістікке шығуы мақсатында республикадағы тұңғыш рет компьютер және тіл дайындығы орталықтары құрылды, гуманитарлық білім беру орталығы ашылды. Мамандықтардың саны қайта қаралып, жаңартылды, олардың үштен бірі қысқартылды, жаңадан биотехнология, агроэкология, халықаралық агарарлық-экономикалық қатынас, аграрлық құқық, кедендік іс және т.б. осылар сияқты осы кезеңге аса қажетті бағыттағы мамандар даярлауға мүмкіндік туды. Бар жоғы бір жылдың ішінде К.Ә.Сағадиевтың басшылығымен университет ұжымы кейбір аса маңызды объектілерді күрделі қайта жөндеуден өткізіп, күтімсіздіктен азуға айналған материалдық базаны қалпына келтіріп үлгерді. Бұл жұмыс қазір де қарқынды жалғастырылуда.

К.Ә.Сағадиев университетке келген күнінен бастап, педагогтардың кәсіби шеберлігі мен студенттерді оқыту сапасына ерекше талап қойды. Ол оқыту мен дайындық нәтижесін тексеруге рейтингтік-тестік жүйе енгізуге күш салды. Оқытушыларға шет тілін үйренуді, компьютерлік сауат беруді, қазіргі аграрлық-экономикалық саясат туралы оқуды ұйымдастырды. Жоғары оқу орнының ұжымы алдына ғылымды оқу процесімен жақындастыру, зерттеуді приоритеттік және жаңа бақытқа, сондай-ақ халықаралық деңгейге шығару проблемасы қойылды. Оқу-ғылым-өндіріс кешеніндегі ғылыми қызмет ғалым-педагогтардың қызметін бағалаудағы маңызды критерийдің бірі болып саналады. Қазақ мемлекеттік аграрлық университеті әлемнің бірнеше жетекші университеттерімен, шетелдік қорлармен және интеллектуалдық сала ұйымдарымен тығыз қарым-қатынас жасай бастады.

К.Ә.Сағадиевтің көп жылдық творчестволық еңбегі республика үкіметі, партия-кеңес органдары, ғылыми қауымы мен жұртшылығы тарапынан кең танылып, лайықты бағасын алды. Ол бірнеше рет еңбекшілер /халық/ депутаттары Алматы қалалық кеңесінің /1971-73 жж/ оның Калинин аудандық кеңесінің /1975-79 жж/, Целиноград қалалық және облыстық Кеңесінің /1985-89 жж/ депутаты, Калинин аудандық партия комитетінің мүшесі /1984-1791 жж/, Целиноград қалалық партия комитетінің бюро мүшесі /1988-1990 жж/, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің мүшесі /1990/ және оның XYII съезінің делегаты болып сайланды. Ол өзі жеткен биікке ұжымдық және отаншылдық игі мақсатқа тынымсыз да қажырлы еңбегінің жиелі жұмысының, сирек кездесер табиғи талантымен ерекше ой-өрісінің арқасында көтерілді. Көпшіліктің басын біріктіруде, оларды қызмет істеуге жұмылдыруда шеберлігімен көзге түсті. Оның бұл қасиеті өзі жұмыс істеген барлық жерлерде, әсіресе кезінде ҚР Ғылым және жаңа технология министрлігі мен ҚР ҰҒА-сы екеуіне бірдей бағынып тұрған ұлттық ғылыми орталықтарды басқарған мезгілде де, кейін екі институттан бір қазақ мемлекеттік аграрлық университетін құрғанда да ерекше көрінді.

Ал бүгінде, Кенжеғаннның басқаруындағы халықаралық бизнес университетіне де жұлдызды сәт туған. Себебі бұл университеттің білім беру жүйесінің өзгелерге ұқсастығы жоқ ерекшелігін біз оның басшысымен байланыстырамыз. Өзінің ой ұшқырлығынан ұшқындаған тың идеяларын Кенжеғали Әбенұлы бұл университетке де жетілдіріп жүр. Оның айғағы ретінде біз бұл білім ордасының білім сапасы жөніндегі қызметі 2002 жылдың наурыз айында Еуропалық одақтың сараптама комиссиясының таңдауы бойынша Орталық Азиядағы ең таңдаулы төрт жоғары оқу орындарының бірі болып, халықаралық қоғамдық байқау аккредитациясынан өткізу үшін іріктеліп алынғанын бүгінге атап айтсақ та жеткілікті. Уақыт зымыран. Бүгін де Кенжеғали Әбенұлы өткен күндердің бәрінде де қол ұстасып бірге келе жатқан өмірлік жұбайы Нағытай Әбітайқызымен өнегелі ұл-қыз өсірген, шаңырақ тірегі, шаттығын тербеген ұрпақтың өрісін кеңге салып, немерелерінің тәтті қуанышын бірге бөлісіп жүрген асыл жар, ардақты әке, ұлағаты мол ата атанған құрметті жан.

Кенжеғали Әбенұлы шын мәнінде өзіне зиян болса да ар-ұжданының айт деген сөзін ғана айтатын, ешкімнен қаймықпайтын, қайсар, туа біткен үлкен жүректі ел адамы. Нағыз қазақи келбеті, намысы бар, сегіз қырлы, бір сырлы азамат екендігін бүкіл қауым біледі. Бұл кісімен ағалы-інілі болып кеткендігіме өзімді бақытты санаймын.

Қолымыз босаған арасында аракідік аң-құс атуға, балық аулауға бірге шығып тұрамыз. Бұл өзінің сүйікті ермек, машығы. Жаны жайсаң, әзілі аралас жарқ-жұрқ ете жүріп, ой тастап, біздермен күліп-ойнап жүреді. Ара-арасында бір шүрегей үйректі артықтау атып алсам, қуып жетемін деп намыстанып бес-алты оғын зая артық атып мылтығынан жалын шашытып, қақалтып-шашалтып жіберетіндігі бар. Сол бір сәтте атып құлатқан үйрегін боз, көде арасынан бәрімізге іздеттіріп әуре сарсаңға түсіріп, бейберекетімізді шығарып, өзі де бірге іздесіп қара терге түседі. "Біреудің жоғын біреу өн салып жүріп іздейді" деген осы екен-ау, жөндеп іздесеңдерші деп кәдімгідей біздерге кейіс білдіреді, қынжылады. Ал сол атқан құстардың етінен өзі дәм де татпайды. Атқанына, таза ауа жұтқанына, кейде бір сәт бізден озғанына мәз. Құнара өтірік-шыны аралас бізге шаң қаптырғысы келіп, пәленбай "подранкам" ана жаққа, мына жаққа кетті деп қопаңдап қоятыны және бар. Аң, құс атып сәтті оралған күні, мұрнының астымен ыңылдап: "Я как опытный грузин..." деп өлеңдете отырып мылтығын тазалай бастайтыны езу тартқызады.

Қасым Тәукенов

О Кенжегали Абеновиче можно и хочется говорить много, но надо говорить мало, в малом поведать о многом. Не то важно, что я могу упустить важное о нем самом, а важно попытаться создать, хотя бы малый достоверный его образ деятеля-интеллектуала своей эпохи, каким он был и каким он остается по сей день.

Академик Сагадиев К.А. обладает базовыми природными и культурными чертами, которые сложились за годы деятельности и особенно рельефно проявились в периоды работы первым руководителем указанных высших научных и образовательных учреждений. Если попытаться выделить наиболее особенные и характерные из его творческого и организаторского почерка и стиля, то можно было бы назвать следующие:

- это - умение определять и выбрать оптимальные и временные "срезы" на участке основной служебной деятельности;
- это - способность вырабатывать значительных и малых планореализующих идей;
- это - умение доводить до конца выбранное решение путем мобилизации коллектива и жесткого личного контроля;
- он обладает достаточной смелостью доказывать и отстаивать свое убеждение;
- это прекрасное владение казахским языком и ораторской речью;
- это - умение устанавливать контакты с видными деятелями культуры и научной интеллигенции.

У такого деятеля с такими данными жизненный путь не может быть одноцветным и легким. Чем ярче талант, тем тяжелее судьба.

Нельзя не отметить еще одно достойное качество Кенжегалия Абеновича. За его строгостью, порою и суровостью скрывалась человечность: он в самом себе видел другого, а о другом думал как о близком, достойном попечения и заботы. Он не упускал из поля своей деятельности возможность улучшения материального положения и всяческой поддержки ученых, оказавшихся обездоленными.

В этом человеке, в Сагадиеве, есть немало одаренного, делающего необычное из обычного, в то же время и немало тайного, непонятого другим.

С.З.Зиманов
академик АН РК

Кенжеғали Әбенұлын өз қатарынан алға шығарып, топ жарған көсем деңгейіне көтерген өзінің жеке басының айрықша қасиеттері. Ол жастайынан өте зерек, ұқыпты және еңбекқор болып өсті. Өзін қоршаған ортаға, болып жатқан құбылыстарға, өтіп жатқан оқиғаларға, қызметтес болған кісілерге ешқашан енжар болған емес, немқұрайды қараған емес. Әр мәселеге өзінің алғыр ойымен және творчестволық тұрғыдан қарайтын. Заман талабын, уақыт өлшемін түсіне білген қайраткер. Қазақта өнегелі сөз бар: "Адам қамын ойлаған саналықтың белгісі, заман қамын ойласа – даналықтың белгісі". Кенжекең осы екі белгіні де қатар меңгерген үлкен қайраткер.

Ал Кенжекеңнің достасу пиғылы да, дос тану принципі де басқа. Осы күнге дейін оның ескі достары еркелеп жанынан шықпайды, олардың қызметін, шен-шекпенін ескеріп елеп жатқан ешкім жоқ, адамгершілігі мен шын достығы болса болғаны. Кенжекеңнің тағы бір асыл қасиеті – үлкенді сыйлау. Бұл жөнінде ол алдына жан салмайды десе де болады, одан көп нәрсе үйренуге болады. Ұлы ағаларымыз Салық Зиманов, Әбдуәлі Қайдаров, марқұм Түймебай Әшімбаев пен Манаш Қозыбаев сияқты саңлақтарды Кенжекең Құдайдай сыйлайтын. Олардың айтатын ойын қас қабағынан танитын, айтқызбай орындайтын тілектерін. Оларда Кенжекеңді алақандарына салып аялап өтті, аялап келе жатыр да.

Жалпы қазақ үлкенді сыйлап өскен ел ғой, дегенмен, Кенжекеңнің үлкенді сыйлау, оларды құрмет тұтуы ерекше. Мұны ерекше сабақ, айрықша адамгершілік, тіпті Кенжеғалидың парасаттылық мектебі десе да болғандай.

Әріптес, замандас досың профессор Көпжасар Нәрібаев.

Иә, Кенжеғали Әбенұлы Сағадиев – еш уақытта ешкімге ұқсамайтын өзіндік ерекше болмысы мен тұлғасы ірі, ұлттық рухы биік, ғылымның даңғыл жолында өзінің дара ізін бейнелеп келе жатқан – біртуар азамат. Ол бойында қазақтың қаны тасыған, қазақтың намысынан жаралған, даласының топырағы мен суынан нәр алған, ұлы тарих бетінде есімдері алтын әріптермен жазылған қазақтың асыл перзенттерініңіздің жалғасы. Әрине, мұндай асылдарды әркім қалай атаса да өз еркінде ғой. Біреу "данышпан" дер, енді әлдекім "ғұлама" дер. Ал мен Кенжеағаны – ғылым көшінің сырттаны деп таныдым.

## BIOGRAPHICAL SUMMARY OF K. A. SAGADIEV, ACADEMICIAN OF TNE ACADEMY OF SCIENCES OF TNE REPUBLIK OF KAZAKSTAN

Kenzheqali Abenovich Saqadiev was born on February 18, 1938 in the aul N 1, Zhanqeldinski rayon, Kustanai reqion.

**Education, Academik Deqrees and Titles**

**1945-1947.** Student of Shoptykol primary school, Zhanqeldinski rayon, Kustanai reqion.

**1948-50.** Student of I. Altynsarin secondary school. Zhanqeldinski rayon, Kustanai reqion.

**1951-1955.** Student of Semiozernii secondary shool number 1, Semiozernii rayon, Kostanai reqion. Finished school with a silver medal.

**1955-1960.** Student of the Economik faculty, Kazakh State University (now Al-Farabi Kazakh State National University), specialization "Economy of Industry". Graduated from Uni-versity with Honours.

**1958-1960.** I. V. Stalin Scholarship holder for outstandinq studies.

**1963-1966.** Post-qraduate student. G. V. Plekhanov Institute of National Economy, Moscow.

**1966.** Thesis: "Problems of Complex Material and Teshnical Supply of Capital Construction in the Union Republics" (June 15), G. V. Plekhanov Institute of National Economy, Moscow, K.A. Saqadieb was awarded the deqree of Kandidat of Sciences quivalent to Ph. D.USSR Hiqh Attestation Commission awarded K.A. Saqadiev the title of Assistant Professor (Docent), Chair of Economics and Planninq of Material-Technical Supply (November 11).

**1967.** The Doctoral thesis: "Problems of Increasinq Economic Efficiency of Material-Technical Supply" (theory, methodoloqy and ways of increasinq) G.V. Plekhanov Institute of National Economy, Moscow.

**1978.** USSR Hiqh Attestation Commission awarded K.A. Saqadiev the title of professor, specialization "Economics of material-technical supply".

**1989.** Elected Correspondinq member of the Academy of Sciences of Kazakh SSR (June 18).

**1994.** Elected Full Member (Academician) of the National Academy of Sciences (NAS) of the Republic of Kazakhstan (February 14).

**1994.** Membership in the Association of American Scientists (AAS).

**1996.** Elected Member of New York Academy (USA) (January).

**1997.** Elected Academician of the International Academy of Sciences of Hiqher School, Moscow.

**Professional Positions**

**1960-1963.** Assistant, senior teacher. Chair of National Economy Planninq, Kirov Kazakh State University.

**1963-1966.** Post-Graduate student. V. Plekhanov Institute of National Economy, Moscow.

**1966-1969.** Senior teacher, Docent, Deruty Dean, Faculty of Economics, Almaty Institute of National Economy.

**1969-1973.** Secretary of the Party Commitee, Almaty Institute of National Economy.

**1973-1982.** Vice-Rector, Almaty Institute of National Economy, since 1971 simultaneously Head of the Chair of Economics of Material-Technical Supply, Almaty Instityte of National Economy.

**1982-1990.** Rector of Tselinoqrad Aqricultural Institute, since 1984 simultaneously Head of the Chair of Economics of Aqroindustrial Complex, the same Institute.

**1983-1990.** Chairman of the Council of Restors of Hiqher Educational Establishments of North Kazakhstan.

**1990-1992.** Chief Academic Secretary, Presidium of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, from Elonomics of the National Academy of Sciences, Republic of Kazakhstan.

**1992-1994.** Rector, Kazakh State Economic University. Kazakh State Academy of Manaqement, simultaneously Director of the Centre of International Economics, NAS RK.

**1992-1995.** Member of Presidium of Hiqher Attestation Commission of the Republic of Kazakhstan.

**1994-1996.** President of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.

**1993-1996.** Chairman of the Specialized Council for Defense of Kandidat Thesis in fields: 08.00.05 – Orqanization of Production and Business (marketinq, manaqement and business). 08.00.10 – Finance, Money Circulation and Credit.

**1996.** Rector, Kazakh State University of Aqriculture.

**1996** – present. Chairman of the Specialized Council for Defense of Doctoral Thesis in the fields: 08.00.05 – Economics and Manaqement of National Economy, 08.00.28 – Orqanization and Manaqement of Production, 08.00.30 – Economics of Business Undertakinq.

**Кенжегали Абенович Сагадиев родился 18 февраля 1938 г. в ауле № 1 Джангельдинского района Костанайской области.**

**1948-1950 гг.** Учился в средней школе им.И.Алтынсарина Джангельдинского района Костанайской области.

**1951-1955 гг.** Учился и окончил с серебряной медалью Аулиекольскую среднюю школу № 1 Аулиекольского района Костанайской области.

**1955-1960 гг.** Учился и окончил с отличием экономический факультет Казахского государственного университета им.С.М.Кирова (ныне КазГНУ им.аль-Фараби) по специальности «экономика промышленности».

**1958-1960 гг.** За отличную учебу назначена стипендия им.И.-В.Сталина.

**1963-1966 гг.** Учился в аспирантуре Московского института народного хозяйства им.Г.В.Плеханова.

**1966 г.** В Московском институте народного хозяйства им.Г.В-.Плеханова защитил диссертацию на соискание ученой степени кандидата экономических наук на тему: «Вопросы комплексного материально-технического снабжения капитального строительства в союзных республиках» (15 июля).

**1967 г.** ВАКом СССР утвержден в ученом звании доцента по кафедре экономики и планирования материально-технического снабжения (11 ноября).

**1977 г.** В Московском институте народного хозяйства им.Г.В-.Плеханова защитил диссертацию на соискание ученой степени доктора экономических наук на тему: «Проблемы повышения экономической эффективности материально-технического снабжения: (теория, методология и пути повышения)№ (16 декабря).

**1978 г.** ВАКом СССР утвержден в ученом звании профессора по специальности «Экономика материально-технического снабжения» (20 октября).

**1989г.** Избран членом-корреспондентом Академии наук Казахской ССР (18 июня).

**1994 г.** Избран действительным членом (академиком) национальной академии наук РК (14 февраля).

**1994 г.** Выступил в членом Нью-Йоркской академии США (январь).

**1997 г.** Избран действительным членом (академиком) Международной академии высшей школы (апрель).

**Т. Құмабекова**
**Алматы қаласы**